

## Желтоқсан / декабрь (Казахский фонд 2018)

1.	94 А-26	<p><b>Адырбекұлы, Көлбай.</b> Алты алаштың ардақтысы : Тарих-танымдық кітап / Адырбекұлы, Көлбай. - Алматы : Тоғанай Т, 2018. - 240 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7853-55-6 : 240т.00т.</p> <p>Түркістан облысындағы Түркібас ауданынан республикаға танымал жандар көп шыққан. Ал бұрынғы Кеңестер Одағы көлемінде Алты алаштың елдерін басқарған жан біреу. Ол КСРО Совнаркомы төрағасының орынбасары - Тұрар Рысқұлов. Ұлттық тұлға туралы аз жазылған жоқ. Сол жазбалардың көкейге қонатындары да, қонбайтындары да бар. Ашып айтатын бір жәйт - тұлғаны саяси жағынан орынсыз қаралау әлі күнге жалғасып келеді.</p>
2.	159 К-45	<p><b>Кови, Стивен Р.</b> Жасампаз жандардың 7 дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері / Кови, Стивен Р.; Аудармашылар Ғ.Төлеғұл, Ж.Самұрат, Ө.Ақжігіт, Ш.Әбділда; Жауапты ред. Ә.Жапақ. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы , 2018. - 352 б. : кесте. - (Рухани жаңғыру). - ISBN 978-601-7943-27-1 : 352т.00т.</p> <p>«Жасампаз жандардың 7 дағдысының» тұңғыш басылымы осыдан ширек ғасыр бұрын жарық көрді. Содан бері Стивен Ковидің бұл еңбегі 13 мәрте жаңартылып, 40 тілге аударылды. 70-тен аса елде 30 миллион данамен таралған кітап №1 әлемдік бестселлер мәртебесін иеленді. Жақсы өмірдің кілтін іздеген жасөспірімнен бастап, ісін өрге домалатқысы келетін көрнекті кәсіпкерлер мен саясаткерлерге дейін қызыға оқитын кітап миллиондаған адамның өмір сүру әдістемесіне айналды. Алдыма қойған мақсатқа жетудің жолы қандай? Айналамен қалай қатынас жасаған абзал? Өзімнің де, өзгенің де ұпайын түгел ететін ұтымды өмірлік ұстаным бола ма? Маңызды әрі шұғыл шаруаның қайсысына алдымен кезек берген жөн? Күн сайын колденен келетін жаңа сынақтарға төтеп беру үшін өзімді қалай жетілдіремін?</p>
3.	572 Х-20	<p><b>Харари, Ювал Ноах.</b> Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы / Харари, Ювал Ноах; Аудармашы М. Ізімұлы; Жауапты ред. Қ. Сімәділ. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры , 2018. - 368 б. : сурет. - (Рухани жаңғыру). - ISBN 978-601-7943-26-4 : 368т.00т.</p> <p>Жүз мың жыл бұрын Ношо sapiens осы ғаламшарда өмір сүрген алты түрдің бірі еді. Экожүйеде горилладан, жарқырауық қоңыздан немесе медузадан артықшылығы жоқ, елеусіздеу жануар болатын. Шамамен 70 мың жыл бұрынғы Ното sapienстің когнитивті қарым-қабілетінің жұмбақтау өзгерісі оны ғаламшардың қожасына әрі экожүйенің</p>

		<p>тажалына айналдырып жіберді. Ал басқа түрге не болды? Ақша, мемлекеттер, діндер қашан және не үшін пайда болды? Империялар қалай құрылды және күйреді? Неліктен барлық қоғамда әйелдерді еркектерден төмен қойды? Ғылым мен капитализм қалай ғана жаңа заманның ең басты арқа сүйеріне айналып шыға келді? Жүйткіген уақыт ағымында адамдар шынайы бақытқа кенеле алды ма? Болашақта бізді не күтіп тұр?</p>
--	--	---